

Абылайхан атындағы Қазақ Халықаралық
Қатынастар және Әлем тілдері Университеті

Daimler-Motoren-Gesellschaft КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Орындаған: Тұрсынбаев Д.
Тексерген: Бергибаев Е.

Mercedes маркалы көліктерді шығаратын Daimler-Motoren-Gesellschaft компаниясының тарихы 1900 жылдан бастау алады. Компания автокөліктерден басқа кеме және ұшақтарға арналған қозғалтқыштарды жасаумен айналысатын. 1909 жылы пайда болған үш сәулелі белгі - сол кездегі компанияның суда, құрлықта, ауада жеткен жетісіктерінің символы ретінде танылды. 1926 жылы Daimler және Benz компаниялары қосылып кетеді, нәтижесінде марканың белгісі лавр жапырағымен кескінделеді. Бұл белгі қазіргі кезде де қолданыста.



- 1901 жылдан бастап Mercedes маркасы Daimler-Motoren-Gesellschaft компаниясы шығарған көліктердің сауда белгісі ретінде таныла бастады. Оның негізін салушы Готтлиб Даймлер тұңғыш рет 4 дөңгелегі бар бензиндік мотор орнатылған көлікті 1885-1886 жылдары жасаған. Ол компанияны Штутгард маңындағы Бад Каннштат қалашығындағы шеберханасының негізінде құрған. 1899 жылы Вильгельм Майбах Даймлердің бірінші көліктерін шығаруға белсенді түрде қатысады. Оның жасаған Phoenix-Daimler көлігі 4 цилиндрлі, қуаты 24 а.к. болатын қозғалтқышпен жабдықталды. Қозғалтқыш көптеген техникалық ақаулықтарға толы болды. Сол кезде компанияның дамуына Франция еліндегі Даймлер компаниясының өкілі Ниццадағы Австро-Венгрияның консулы Эмиль Еллинек үлес қосқан болатын. Ол Майбахқа жаңа көлікті шығаруды ұсынған. Көп ұзамай жаңа көлік дайын болған. Еллинектің ұсынысы бойынша көлікті қызының атымен Мерседес деп атап кеткен.



Готтлиб Даймлер,
основатель компании

Эмиль Еллинек и его дочь Мерседес

Вильгельм Майбах

- Алғашқы Mercedes-35P5 4 цилиндрлі, мотордың пайдалы жұмыс көлемі 5913 куб.см құрып, құрылғыларының орналасуы классикалық стилде болған екен. Көліктің сыртқы пішіні де классикалық түрде орындалған. Осы үлгі 1902 жылдан бастап Mercedes-Simplex сауда белгісімен шығарылған көліктердің негізі ретінде танылды. Топтаманың ең танымал өкілдеріне: 40/45PS және 60PS үлгілерін жатқыза аламыз. Қозғалқыштардың көлемі 6785 және 9235 куб. см-ді құрып, көліктің максимал жылдамдығы 90км/сағ.-қа дейін жеткен. Кейінгі жылдары Daimler компаниясы осындай жеңіл автокөліктердің көптеген үлгілерін шығарумен айналысып, көлемі 1568-ден 9575 куб.см дейін моторлармен жабдықтаған. Осындай көліктердің ішінде сәнді әрі толықтай жабық шанақты үлгілер клапансыз Knight қозғалтқыштарымен құралды. Қозғалтқыш көлемі 4055 куб.см құрайтын Mercedes-Knight 1924 жылға дейін жарық көрген. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін Мерседестің жарыс көліктері көптеген әлемдік біріншіліктерде үздіктердің қатарынан көрінді. Соғыстан кейін шығарылған үлгілердің бірі: 28/95PS 6 цилиндрлі, қозғалтқыштың көлемі 7250 см³ құрайтын. 1921-1922 жылдары Пауль Даймлер бұл көлікпен көптеген тәжірибе жасап, қозғалтқыштың қуатын 1,5 есе өсірген ауа компрессорын орнатқан.





1. Mercedes-Benz C-class (W202)
қазіргі таңда қолданылған көліктер
нарығында үлкен сұраныста



2. Mercedes G (W-463) әскери көлік
ретінде шығарылған сұранысқа ие



3. Mercedes-Benz E-class (W-124)
барлық жағынан қарағанда
керемет үлгі



4. Mercedes SLK-class (R170) –
спорттық, жеңіл, шағын

1. Көрнекті класстағы көліктер қатарынан S үлгілері (W-140) өз орнын тапқан. Бұл үлгі 1991 жылдан бастап шығарылды (S290-560 үлгілері). Бұл көліктер 6, 8, 12 цилиндрлі, көлемі 2799-5987 куб.см қуаттылығы 177-394 а.к. құрайтын қозғалтқыштармен жабдықталған. 1998 жылдың аяғына таман S топтамасының жаңа буыны жарық көріп, шанақтың белгісі W-220 атқа ие болды. Алдыңғы көліктерден басты айырмашылығы оның өлшемдері мен дизайнында болған. Жаңа S топтамасындағы көліктер 6, 8, 12 цилиндрлі, көлемі 2,8-5,8 л. қозғалтқыштармен жабдықталды

3. Компания 50-жылдары шағын өлшемді көліктерден бас тартқан болатын, бірақ 1982 жылы осындай үлгілердің топтамасы қайта жарық көрді (W-201). Топтаманың ішіне бірнеше нұсқасы бар 190-шы үлгі кіретін. Қозғалтқыштың көлемі 1,8-2,6 л құрап, 75-185 а.к. ие болған.

4. Толық приводты жолсыздық бойынан жүретін көліктерге, G топтамасының үлгілері де жатады. Оның бірінші үлгісі 1979 жылы шығарылған. 1998 жылдан бастап, үлгілер көлемі 2874-3199 куб.см қуаты 122-215 а.к. болатын қозғалтқыштармен жабдықталған. 1997 жылдан бастап АҚШ-та жаңа әрі жайлы ML үлгісінің шығарылуы басталды. Олар қуаттылығы 270 а.к. дейін жеткен, бензиндік моторлармен жабдықталған.

2. Әскери көлік ретінде шығарылған

SWOT ANALYSIS

Мықты жақтары

- құны жоғары бренд
- инновациялық
- жастар арасында атақты бренд
- нарықта үлесі жоғары

Осал жақтары

- өндірістік құны жоғары
- автобөлшектері қымбат
- қызмет құны қымбат

Мүмкіндіктері

- электрлық авто
- дамушы нарықтар
- пайданы ұлғайту және тұтынушылардың сұранысына ие болу (дамушы елдерде)

Қауіпті жақтары

- бензиннің өсуі
- бәсекелестердің нарыққа жаңа модель шығаруы
- қоғамдық көлік жүйесінің жақсаруы

- XX ғасырдың 90 жылдарында Mercedes компаниясының тұжырымдамасы толықтай өзгертілген. Компания өз өнімін нарықтың бірнеше сегментіне ұсынған еді. Оған қарамастан, компанияның бағдарламасы нарыққа орташа дәрежелі C және E топтамаларын жылжытуға құрылды. 1998 жылы Mercedes-Benz компаниясының үлгілер гаммасы кеңейе түскен. Тұтынушыларға 12 топтамадан тұратын 10-ға жуық үлгі ұсынылған.
- Шағын өлшемді A үлгісі (W-168) 1997 жылдан бері шығарылып, еуропалықтар арасында кең таралған көліктер классында көш бастап келген. Алдыңғы приводты үлгілер көлемі 1397 ден 1689 куб.см. моторлармен жабдықталып, қуаттылығы 60-102 а.к. құрайтын.

● НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!